

Мамандық: 0111000- "Негізгі орта білім беру"

Біліктілік: 0111013- "Қазақ тілі және әдебиеті пәнінің мұғалімі"



№1 Алматы қазақ мемлекеттік гуманитарлық педагогтік колледжінің 3 курс студенті
Мұқажан Мақпал Жұмабайқызы

Қашықтықтан оқытудағы практиканың түрі:
Мектептегі байқау практикасы

Практика жетекшісі: Асенова Ж.М

Сынып: 9

Пән: қазақ әдебиеті

Тақырыбы: Махамбет Өтемісұлы. «Махамбеттің Баймағамбетке айтқаны». Шығарманың көркемдік ерекшелігі

Сабақтың тақырыбы:

Махамбет Өтемісұлы.

**«Махамбеттің Баймағамбетке
айтқаны». Шығарманың көркемдік
ерекшелігі**

Оқу мақсаттары

9.1.1.1 әдеби шығармаға сюжеттік-композициялық талдау жасау.

9.2.3.1 шығармадағы әдеби тілді құбылту мен айшықтаудың (троп пен фигура) түрлерін талдай отырып, автор стиліне баға беру.

Сабақтың жүру барысы:

- Ұйымдастыру
- Психологиялық ахуал.
- Топқа бөлу.



«Миға шабуыл» әдісі

1. Махамбет Өтемісұлы туралы не білдіңдер?

2. Махамбеттің қандай шығармаларын білесіңдер?

3. Исатай-Махамбет көтерілісі қай кезде, қай жерде болды?




Махамбет Өтемісұлы

(1803 - 1846)




Менің атым – Махамбет,
Жас құстағы Жәңгір хан
Ісінен болдым құсадерт.
Атасы өткен Айшуақ
Соны көзі көрдіғой.
Менің атам – Өтеміс
Елдің қамын жедіғой!

- ▶ Махамбет Өтемісұлы (1804 ж., Ішкі Бөкей Ордасы, қазіргі Батыс Қазақстан облысының Жәнібек ауданының Нарын құмының Жанқұс жері. — 1846 ж. қазан 20, Қараой өңірі, қазіргі Атырау облысының Махамбет ауданы) — қазақтың әйгілі ақыны, күйші композиторы, отаршылдыққа қарсы Исатай Тайманов бастаған көтерілісті (1836-1837) ұйымдастырушылардың бірі, осы көтерілістің жалынды жыршысы.
- ▶ Байұлы ішіндегі Жайық-Беріш. Нәдір деген кісіден Мәлі (кейбір деректе Құлмәлі, Құлманияз деп айтылады) туады. Мәлінің қазақ әйелінен Өтеміс пен Шыбынтай, қалмақ әйелінен Қобылай туған. Өтемістен - он ұл, Шыбынтайдан - төрт ұл, Қобылайдан - үш ұл туып, Мәлі ұлдың өзінен он жеті немере сүйген адам. Бұл әулет Тайсойған құмындағы іргелі ауылдардың бірі. Атасы Құлмәлі, әкесі Өтеміс те өз заманында айтулы тұлғалар болған, Құлмәлінің тұқымынан би де, шешен де шыққан

A yellow notepad with a black outline and a drop shadow, tilted at an angle. A pencil with a red eraser and a silver band is positioned diagonally across the top right corner of the notepad. The text is written in black, sans-serif font. The background features a white surface with blue decorative patterns on the left and right sides.

Менің атым – Махамбет,
Жасқұстағы Жәңгір хан
Ісінен болдым құса – дерт.

Өлеңдерінің тақырыбы



- ▶ Академик С.Қасқабасов: “Махамбет өзін...алда арманы көп, албырт шағында адам өзін барынша артық бағалап, ... асып туған батыр сезінген, сондай болуды көздеген. Ойын ашық айтып, өзінің образын сомдаған. Ол өзінің бет әлпетін, дене құрылысын суретеумен қатар, өзін жұртқа таныстырды. Сөйтіп өзінің кім екенін, нені көксейтінін хабарлап, тіпті өзінің мінезін бірге көшіріп отырған”

- ▶ Махамбет екі сөзінің бірінде “Меннен” ажырамады. “Менің атым Махамбет!”, “Мен Өтемістің баласы Махамбет атты батырмын”, “Мен, мен едім, мен едім”, “Мен құстан туған құмаймын”, “Мен кескекті ердің сойымын”, “Боз ағаштан биік мен едім”, “Мен тауда ойнаған қарт марал”, “Мен ақсұңқар құстың сойы едім”, “Мен келелі қара бұлтпын” - деді.

- ▶ Көтеріліс жеңіліске ұшыраса да, ол өз рухын жоғалтпады. Халықты көтеріліске қайта шақырып, өлеңмен ой салып, халық санасын оятуға күш салады. Амал не, қараңғы халық ойын түсінбеді, оның өлеңінің күдіретіне бас исе де, ақын соңына ермеді. Патша әскерінің қаруынан сескенген халық ақынның өлеңмен шақырған үндеуіне құлақ аспады. Жалғыздықтан күйінген ақын, өз сырын өлеңмен айта берді. Ақын: «Мен едім» деген өлеңінде:

Бөз ағаштан биік мен едім,
Бұлтқа жетпей шарт сынбан,
Ел құтқарар, ер едім

Жандаспай ақыры бір тынбан, - деп өршілдігін жырлап көрсетеді. Ақын өлеңінің тәрбиелік мәні ерекше халық санасын оята түседі.

“Мен тауда ойнаған қарт марал” деген өлеңі де осы жағдайда шығарылған.

“Ерлік пен елдіктің өшпес рухы”



Тарихқа шолю

**ИСАТАЙ ТАЙМАНУЛЫ мен МАХАМБЕТ ӨТЕМІСУЛЫ
бастаған (1836-1838 ж-ры) ұлт-азаттық
көтерілісінің картасы**



Өтемістен туған он едік

Т Е Б Н А М К Е Б
Т Е Б М А Х А М Б Е Т
С Ы М А Т Қ О Т
Т Е М Х А Ж О Қ
Ы Б Ы Р А Й Ы М
Ә Й І П
Х А С С Ы С
С М С У Л Е С
Л М А Й М Е Н
Ы Л

Махамбет!
Махамбет ...
Білмеймін жел ме, сел
ме
Жыр да онымен бір
тұлға теңесер ме...
Әділетсіз дүниенің
қабырғасын
Махамбетше сөгер
жан кездесер ме ...


Ф.Оңғарсынова

- ▶ Кеңес дәуірінде санаға байлау, өреге тұсау болып келген жағдаяттарды профессор С. Қасқабасов: “Ақынның мұрасы - әдебиеттану ғылымының объектісі де болды. Алайда, зерттеу еңбектерде, негізінен, идеологиялық схематизм мен орыс әдебиетінің үлгісімен талдау орын алды. Сөйтіп, Махамбеттің шығармалары реализм, романтизм, оптимизм, пессимизм деген “измдер” тұрғысынан зерттелді. Белгілі бір аспектіде бұл да қажет шығар. Бірақ көп жағдайда қазақтың ұлттық көркем ойының даму заңдылықтары ескерілмеді. Соның салдарынан Махамбеттің өзіндік ерекшелігі тар аяда тек күрескер ақын деп танылды. ...Ақын қандай қоғамдық мәні бар проблемаларды шығармашылығында қамтыды деген мәселелер, өкінішке қарай, тиісті дәрежеде сөз болған жоқ” – деп, пайымдап береді.
- ▶ Академик жазушы М.Әуезов: “Махамбет бұрынғы, соңғы қазақ ақындарының ішіндегі ең бір күштісі деп саналуға тиіс. ...Барлық қозғалыстың ірі, ер басшысы Махамбет жырлары өз заманындағы ең қанды, ең әсерлі сөз, көпшіліктің өз үні, өз тілі, өз арман-талабы”
- ▶ Х.Досмұхамедов: “Махамбеттің өзі батыр, әрі жырау, әрі домбырашы болған. Өте қызулы адам екен. ...Махамбеттің мінезі сотқар, қалжыңқой, бетің-көзің демеі ойына келгенін айтып салатын батыл болған. Жауласқан мезгілде өте батыр, айлакер болған”
- ▶ Академик Қ.Жұмалиев: “Халықтың жырын жырлап, таяғын соғу ісінде Махамбет ақынның еңбегі тарихи еңбек. ...Махамбет – ең алдымен халқын, Отанын сүйген патриот ақын. Оның өлеңі – елін тереңнен сүюдің айқын үлгісі. Санасы оянып, ойы өсе бастаған күннен бастап-ақ ақын жалпы халық көпшілігін езіп отырған хан, сұлтан, би-төрелерге қарсы шықты. Найзасына асыл сөз, өткір тілін қоса жұмсады”

Махамбет сөзінің ел ішінде көп жайылғаны – Баймағамбет сұлтанға айтқаны. Ісін аяқтаймын деп, Исатайдан кейін Махамбет біраз уақыт әуре болып жүреді. Бірақ елді біріктіре алмайды. «Исатайдың жолдастарын, оның ішіндегі Махамбет секілді батырларын ұста» деген өкіметтің қатал бұйрығы шыққан. Махамбет ел ішінде жүре алмайтын болған. Махамбеттің ақыры ұсталатынына көзі жеткен соң, басы Үбі, Байнақ дегендер болып, Махамбетті Баймағамбет сұлтанға алып барады. Баймағамбеттен өкіметке ұстап бермейтін қылып, ел ішінде жүре беруге рұқсат алып береді. Билердің сөзін қабылдаған соң, Баймағамбет батырды үйіне шақырып танысады. Батыр үйге қару-жарағын тастамай кіреді. Баймағамбет батырдан: «Бір-екі ауыз өлең айтыңыз», – деп өтініш қылады. «Менің сөзім сізге жақпас», – деп батыр айта қоймайды. Баймағамбет қайта-қайта өтініш қылады. Сонда Махамбет Исатайды жоқтап отырып, Байекені сыбап, белгілі өлеңін айтады. Байекенің қасындағы жас төрелер батырдың сөзіне ашуланып қызған екен: «Бұлай айтпаса, Махамбет батыр бола ма, батырдың сөзін көтермесем, мен хан болам ба?» – деп, Байеке оларды тоқтатыпты-мыс. «Ұялғаннан кірерге жер таба алмадық. Ханның бетіне қарай алмадық, кеткенше асық болдық», – деп ертіп барушылар айтқан екен-мыс. «Сөзімді жаратпай бірдеңе десе, со жерде Байекені қасындағы жолдастарымен жарып тастайын деп отыр едім», – деп Махамбет соңынан айтыпты-мыс.

1-тапсырма. «Махамбеттің Баймағамбетке айтқаны» өлеңі «6 НЕЛІКТЕН» стратегиясы

1. Неліктен Махамбет өлеңін Баймағамбет сұлтанға арнады?
2. Неліктен Махамбет «онымыз атқа мінгенде, жер қайысқан қол едік» деді ?
3. Неліктен Махамбет Исатайды жоқтап сөйлейді?
4. Неліктен Махамбет ханның Ақ ордасын бұзуды ойлады?
5. Неліктен Махамбет өзін «шамдансам жығар асаумын» деп сипаттайды?
6. Неліктен Махамбет Баймағамбетті ата дұшпан деп атайды?



1-топ «Махамбеттің Баймағамбет сұлтанға айтқаны» өлеңіндегі ақынның өзін Баймағамбет сұлтанмен салыстырған теңеу сөздерін табыңдар, салыстырыңдар.

2-топ Хрестоматияда берілген Махамбет өлеңдерін салыстырыңдар, ортақ тақырыбын анықтаңдар, ой үндестігін табыңдар.

3-топ Венн диаграммасы арқылы Махамбетті Наурызбай батырмен салыстырыңдар.



Махамбет

Наурызбай

Махамбетке

Қас жауыңды
Ел алдында жазықты
Жерге қағып жіберіпсің қазық қып.
Қайсар бопсың, бірақ сенің жырыңның
Ар жағында жатады бір нәзіктік.
О, даланың жолбарысы,
Көкжалы:
Өзіңнен бе?
Сөзіңнен бе?
Әйтеуір,
Сенен кепті дейді ханның ажалы.
Дұшпаныңнан қайтты кегің,
Қайтты есең.
Айтып сапсың ақиқатты,
Айт десе.
Қандай бақыт ақын болып туғаным,
Сені ақын деп білер ме едім, әйтпесе!


«Поэзиялық бөлініс». Білім алушыларға «Баймағамбетке айтқаны», « Мен, мен, мен едім» , «Бағаналы терек» өлеңдерінің жолдары қимақағаздар арқылы үлестіріледі. Білім алушылар өлеңнің шумақтарын құрастыру арқылы топтарға бөлінеді.

Кубизм әдісі. Кубик қырлары бойынша жұмыс жасау. Тақырыпты жан-жақты қамтуға және білім алушылардың өз пікірлерімен қасындағы жолдастарымен бөлісуге, топ мүшелерінің логикалық ойлау қабілеттерін дамытуға мүмкіндік туғызады.

- Δ **Сиппатаңыз:** Саяси дербестік пен тәуелсіздіктің жыршысы Махамбет Өтемісұлын қай қырынан тануға болады?
- Δ **Салыстырыңыз:** Дауылпаз ақын Махамбет пен Алаш арысы Ахмет Байтұрсыновтың өлеңдерінің тақырыбы, негізгі идеясы
- Δ **Зерттеңіз:** Исатай – Махамбет көтерілісіне не себеп болды? Осы кездегі Ішкі Бөкей ордасындағы саяси - әлеуметтік ахуал қандай еді?
- Δ **Талдау жасаңыз:** Ақынның «Баймағамбетке айтқаны», « Мен, мен, мен едім» , «Бағаналы терек» бейнесіне талдау жасаңыз.
- Δ **Қолданыңыз:** Ақын өлеңдерінің ішінде өзіңізге ұнайтынын жатқа айтыңыз.
- Δ **Дәлелдеңіз:** Махамбет – азаттық жолындағы күрескер ақын екенін өлеңдері арқылы дәлелдеңіз.

Дескриптор:

- өлеңдегі автор образы туралы ойларын айтып топтастырады
- өлең тақырыбы мен идеясын ашады



Шаруалар көтерілісі

1828 – 1829

Бөкей хандығында көтеріліс басталды.

1836 – 1838

Исатай - Махамбет бастаған көтеріліс

1837 - 1847

Кеңесары Қасымұлы бастаған көтеріліс

1837 жыл

“Ереуіл атқа ер салмай”

Жалғыздыққа сәл бой алдырған кезең

“Мұнар күн”

“Жалғыздық”

Махамбеттің соңғы сөзі


Керуен тірлік бөктерді де бойға азап,
Бұлың-бұлың белдер асып шаршаған
Бұл жалғаннан кетіп жатты қанша адам.
Қазанына қожа болған жай қазақ,
Екеуімізге “Егіз бе?” деп тамсанған.

Үйге тапсырма: 1.Махамбет поэзиясы туралы баяндап беріңдер. Өзтаңдауларың бойынша өлеңін жаттап алыңдар.

2. Хрестоматияда берілген Махамбет өлеңдерінен сөзбен өрілген Исатай бейнесін сомдаңдар.


3. Тақырып бойынша түйген ойларыңды «Ақылдың алты қалпағы» тәсілі арқылы түсіндіріңдер.

4. Ақын өлеңдерінің идеясы негізінде әдеби эссе жазыңдар. 151-бет



Оқушының аты-жөні	1-тапсырма	2-тапсырма	3-тапсырма	4-тапсырма	Балл

Кері байланыс *“Алма ағашы”* *әдісі*



Жасыл түсті алма – мен бүгін бәрін жақсы орындадым деп ойлаймын: менің көңіл – күйім көтеріңкі.

Сары түсті алма – мен тапсырманы орындай алмадым, көңіл – күйім жоқ.